

## **Зейнеткерлердің материалдық тұрмыс жағдайын одан әрі қолдау жөніндегі шаралар туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 17 қыркүйек 1993 ж. N 902. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.03. N 809 қаулысымен.

Тұтыну тауарлары мен көрсетілген қызмет бағасының үздіксіз өсуіне, сондай-ақ зейнеткерлердің материалдық тұрмыс жағдайын одан әрі қолдау шараларын жүзеге асыру қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Зейнеткерлердің зейнетақысын одан әрі өсіру жүзеге асырылғанға дейін 1993 жылғы қазанның 1-інен бастап зейнеткерлердің барлық санатының зейнетақысына мынадай мөлшерде ай сайынғы қосымшаақы төлеу қамтамасыз етілсін:

жасына, мүгедектігіне байланысты, еңбек сіңіргені үшін, сондай-ақ мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне мүгедектігі үшін берілетін толық еңбек зейнетақысын алатындарға - 10000 сом;

еңбек стажы толық емес жағдайдағы зейнетақыны, сондай-ақ асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алатындарға - 7000 сом;  
әлеуметтік зейнетақы алатындарға - 5600 сом.

Аталған қосымшаақы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Зейнеткерлерді материалдық жағынан қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 12 шілдедегі N 591 және "Нанның, нан-тоқаш өнімдерінің, тарының, ұнтақ жарманың және халыққа пісірілген нан орнына сатылатын ұнның бағасы туралы" 1993 жылғы 30 тамыздағы N 745 қаулыларымен белгіленіп, зейнетақыларға қосылған қосымшаақыға қарамастан төленсін.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Бұрын тағайындалған зейнетақыларды қайта есептеу тәртібі туралы" 1992 жылғы 2 сәуірдегі N 309 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 14, 236-бап) сәйкес бұрын тағайындалған зейнетақыларды көбейтуді нақты қамтамасыз ету мақсатымен аталған зейнетақыларды қайта есептеу республикада жаңадан ең төменгі еңбекақы және жасына байланысты ең төменгі зейнетақы деңгейі, сондай-ақ "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ ССР Заңына тиісті өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгізілген мерзімнен бастап жүзеге асырылсын.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК